

«Үздік сыннып сағаты» байқауы бойынша қорытынды ақпарат

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚҚ сыннып жетекшілерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асырудың үздік сыннып сағаттарының тәрбиелік, рухани-адамгершілік, патриоттық мазмұнын арттыру мақсатында 2024 жылғы 11 қазан – 22 қараша аралығында «Үздік сыннып сағаты» байқауын үйымдастырып өткізді.

Бірінші кезең бойынша қатысушылар www.youtube.com арнасында орналастырылған сыннып сағатының бейнематериалына сілтеме, сыннып сағатының жоспары, қосымша көрнекі материалдар мен видео, презентациялар, сабактан алынған қорытындылар мен кері байланыс ұсынды.

Ұсынылған жұмыстар келесі өлшемшарттар бойынша бағаланды:

- сабактың мазмұнының өзектілігі мен тақырыптың маңыздылығы;
- сабактың құрылымы мен үйымдастырылуы;
- оқыту әдістері мен технологияларының тиімділігі;
- тәрбие мен құндылықтарды енгізу деңгейі;
- көрнекі материалдар мен техникалық құралдарды қолдануы;
- қорытынды және кері байланыс жасау шеберлігі.

Байқауға жалпы 16 жұмыс түсіп, оның ішінен 7 қатысушы 2 кезеңге қатысу үшін жіберілді.

Екінші кезеңге өткен үміткерлер №59 мектеп-лицейінің оқушыларына сыннып сағатын өткізді.

Сыннып сағаттары келесі өлшемшарттар бойынша бағаланды:

- сабактың мазмұнының өзектілігі мен тақырыптың маңыздылығы;
- педагогикалық мақсаттар мен міндеттердің нақты қойылуы;
- сабактың құрылымы мен үйымдастырылуы;
- оқыту әдістері мен технологияларының тиімділігі;
- сабактың шығармашылығы мен жаңашылдығы;
- тәрбие мен құндылықтарды енгізу деңгейі;
- оқушылардың құндылықтарды түсінуі және қабылдауы;
- оқушылардың белсенді қатысусы және ынталандыру;
- оқушыларға мәдениетаралық түсіністік қалыптастыру деңгейі;
- оқушыларды әлеуметтік және азаматтық белсенділікке баулу шеберлігі;
- көрнекі материалдар мен техникалық құралдарды қолдануы;
- оқушылардың өздігінен даму және рефлексия жасау түсінігін қалыптастыру деңгейі.

Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтап, Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдар тағайындалды. Орын алмаған қатысушыларға сертификаттар тағайындалды.

Жеңімпаздардың тізімі:

1. Біржанқызы Әйгерім Абай, Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 7 «Д» сынып жетекшісі, Гран-при;
2. Байбосын Алима Мұсағалиқызы, №93 мектеп-лицейі, математика пәні мұғалімі, 6 «ә» сынып жетекшісі, 1-орын;
3. Жылқайдарова Фариза Махмутқызы, М. Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясы, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, 8 «ә» сынып жетекшісі, 2-орын;
4. Гольцман Юлия Петровна, №104 орта мектеп, бастауыш сынып мұғалімі, 2-орын;
5. Боранбаева Толкын Тұяковна, Илияс Есенберлин атындағы №67 гимназия, бастауыш сынып мұғалімі, 3-орын;
6. Заманбекова Райгүл Кабитхановна, А. Әл-Машани атындағы №92 мектеп-лицейі, математика пәні мұғалімі, 7 «д» сынып жетекшісі, 3-орын;
7. Канжашова Айнур Жанибековна, Дарынды қыз балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернаты, география пәні мұғалімі, 7 «с» сынып жетекшісі, 3-орын.

